



ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚР ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ КОДЕКСІНЕ ҰСЫНЫСТАРЫ

2023 жылдың сәуірінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жаңа Қала құрылысы кодексінің құрылымына ұсыныс жасады. Құрылыс саласы субъектілерін алдын ала Қала құрылысы кодексі бойынша осындай ұсыныстармен таныстыру бойынша кеңестер барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда өткізілді. 2023 жылдың 6 маусымында Одақ Басқармасының мүшелері «Алматыбасжоспар» ҒЗЖИ ғимаратында өткен «eQurylyс» АЖ мәселесі мен «Қазақстан Республикасы Қала құрылысы кодексі» жобасын талқылау бойынша кеңеске шақырылды.

Кодекс әзірлеушілері «ҚазҚСҒЗИ» АҚ сөзінше оның құрамына төрт негізгі заң кіріп, жоспарлаудан бастап, пайдалануға беруге дейінгі құрылыс ісінің толық циклын қамтитын сегіз кодекске өзгертулер енгізу көзделіп отыр. Кеңес күн тәртібі мен негізінен құрылыс компанияларынан шақырылған сала мамандарының құрамына қарағанда, ұйымдастырушылар құрылыстағы ұйымдастыру мен басқару жұмыстарының ерекше мәселелері мен «eQurylyс» АЖ жұмысын ғана талқылаудың басты тақырыбы етіп алған. Сәулет және қалақұрылысы қоғамдастығының ұсынылған Қала құрылысы кодексінің жобасында егжей-тегжейлі қарау мен жан-жақты талқылауды қажет ететін бірқатар қойылымдық актінің ҚР ИИДМ ұсынған нұсқасын дұрыс емес деп санайды. Жобаны алдын-ала қарастыру кезінде Сәулетшілер одағы Қала құрылысы кодексінің жекелеген ұстанымдары бойынша елеулі ескертулер жасады. Алайда Қала құрылысы кодексінің ұсынылған жобасында сәулет қауымдастығының пікірлері толық ескерілмеді.

1. Заңнамалық актінің әзірленген жобасы «Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі» атауымен берілген және бұл ҚР Президентінің концепциясы жағынан жаңа құжат - «Қазақстан Республикасының Қала құрылысы кодексін» әзірлеу және қабылдау туралы тапсырмасына сәйкес келмейді.
2. ҚР Сәулетшілер одағы Кодекстің әзірленген нұсқасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне тікелей қатысы жоқ тараулар мен баптар бар деп есептейді. ҚР Сәулетшілер одағы қарауға ұсынылған Кодексті сәулет қауымдастығының ұсыныстарын ескере отырып жөнге келтіру және оны «Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы кодекс» деп атау керек деп санайды.
3. Талқылау қатысушылары Кодекстегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіндегі өзін-өзі реттеу тарауына қатысты сыни пікірлерін білдірді.

БОДАУБЕКОВ РУСТАМ НӘМЕТЖАНҰЛЫ – 60 ЖАСТА



2023 жылдың 1 мамырында ҚР Сәулетшілер одағының Жамбыл облысы филиалының төрағасы және Одақ Басқармасының мүшесі Бодаубеков Рустам Нәметжанұлы 60 жасқа толды. Сәулетші Рустам Нәметжанұлы Тараз қаласындағы «Астана» шағын ауданы бас жоспарының, Жамбыл облысындағы Жауғаш батыр, А.Суханбаев ескерткіштерінің авторы. Сәулетші Рустам Бодаубеков Жамбыл, Түркістан, қызылорда, Алматы, Маңғыстау және Атырау облыстарындағы сауда, білім, медицина саласындағы көптеген қоғамдық ғимараттар мен өндірістік нысандарды жобалаған. Рустам Нәметжанұлы келесі наградалармен марапатталған: медаль Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл медалі (2016), ҚР ИИДМ Құрметті сәулетші төсбелгісі, ҚІ және ТКШ комитетінің Құрылысшылар күнінен құрмет грамоталары (2009, 2006), ҚР Сәулетшілер одағының грамотасы (1993), Жамбылгражданпроекттен алғыс хат (1989). Құттықтаймыз!

!!! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС: 2023 ЖЫЛҒЫ ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КУБОГЫ!!!

2023 жылдың 23 маусымында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан командалары мен Сәулетшілер одақтары өкілдерінің «2023 жылғы Жас сәулетшілер кубогы» атты жас сәулетшілерге арналған халықаралық конкурсының ұйымдастырушыларымен онлайн танысу өтті.

ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ФИЛИАЛЫ ТІРКЕЛДІ

2023 жылдың 07 шілдесінде «Сәулетшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы тіркелді. Филиал төрағасы – Ибраимов Еркінқали Арапұлы. Филиал мекен-жайы: Елеу Көшербаев көшесі, 125 үй. Телефон: 8 7242 20-15-20, 8 701 387 93 77, 8 777 652 34 34, erkinibrahimov55@gmail.com. Еркінқали Арапұлына істеген жұмысына алғыс білдіреміз!

СӘУЛЕТШІ-СУРЕТШІ БЕРІК МОЛЖІГІТТІҢ ЖЕКЕ КӨРМЕСІ

2023 жылдың 5 шілде 6 тамызы аралығында Астанадағы ҚР Ұлттық мұражайда белгілі сәулетші, әрі суретші Берік Ұзақбайұлы Молжігіттің «Менің әлемдерім» атты жеке көрмесі өтеді. Көрменің салтанатты ашылуына Одақ атынан Одақтың Астана филиалының төрағасы Серік Исаұлы

Рүстембеков қатысты. Көрме мақсаты: Берік Молжігіттің Қазақстанның сәулет және бейнелеу өнеріне қосқан шығармашылық үлесін дәріптеу мен оның шығармашылығымен таныстыру. Көрмеге жоғары бейнелеу деңгейінде әр түрлі техникада орындалған көптеген туындылар қойылған. Берік Молжігіт – ҚР Құрметті сәулетшісі, ҚР Сәулетшілер және Суретшілер одақтарының мүшесі, Қазақстан қалаларындағы көптеген ғимарат авторы, сәулеттік жобалау саласының жетекші сәулетшісі, Қазақстан қалаларының дамуына едәуір үлес қосқан 40 жылға жуық көптеген жобалардың бас сәулетшісі.



СӘУЛЕТШІ БОЛАТ АХМЕТОВ КӨРМЕСІ

2023 жылдың 14 шілдесінде ҚР Сәулетшілер одағында өткен жылы дүниеден өткен қазақ суретшісі, сәулетшісі және музыкант Болат Әбенұлы Ахметов туындыларының көрмесі өтті. Онда шебердің гипперреализм стилінде салынған Іле Алатауы таулары салынған 15 картина қойылды. Іс-шараға Болат Әбенұлының туыстары мен үзеңгілестері, достары қатысты: жұбайы Светлана, қызы Анастасия, Сәулетшілер Одағының президенті Серік Сұлтанғали, ҚР бұрынғы Мәдениет министрі Есетжан Қосыбаев, музыканттар мен ҚР еңбек сіңірген қайраткерлер Сығанай Абдуллин, Наджиб Вильданов, пианист, сазгер Далер Халилов, сәулетшілер Қайрат Манаев пен Марат Байтақов, қонақтар Бахтай Алипек пен Фархат Ибрагимов және басқалары.

Кеш соңында Болат Әбенұлының достары авторлық әндерін орындады. 20 шілде Ә. Кастеев мұражайында тамыздың 20 дейін болатын Болат Ахметовтың картиналарының көрмесі ашылды

Еске алу көрмесі Тянь-Шань мен Іле Алатауының тау шыңдары мен мұздықтарына арналған. Көрмеге суретшінің соңғы жылдары тау көріністерін салған 16 жұмысы қойылған.



СӘУЛЕТ, УРБАНИСТИКА ЖӘНЕ ДИЗАЙННЫҢ БІРІНШІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ СИМПОЗИУМЫ

2023 жылдың 25-26 мамыры аралығында Бішкекте «ESAUD-2023» Сәулет, урбанистика және дизайн бойынша бірінші еуразиялық симпозиум өтті. Симпозиум мақсаты – білім алмасу үшін біріктірілген платформаны құру және сәулет, қала құрылысы мен дизайн саласындағы өзекті жетістіктер мен сын-қатерлерді талқылау. Симпозиумға 30 аса сәулет-құрылыс компаниялары мен дизайн брендтері, алыс және жақын шет елдерден 25 аса жоғары оқу орны қатысты. Симпозиумға Италия, Сингапур,



Араб Әмірліктері, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қазақстан, Түркменстан мен Қырғызстаннан құралған 18-ден аса ел мен 30 қаладан өкілдер қатысты. Симпозиум аясында халықаралық ғылыми-практикалық конференция, сондай-ақ сәулет, дизайн мен қала құрылысы саласындағы сарапшылар басты трендтер мен саланың даму перспективалары жайында сөз сөйледі. Симпозиумның ашылуында алғашқылардың бірі болып ҚР СО мүшесі, Satbayev University-ң Сәулет және құрылыс институтының директоры Болат Құспанғалиев 14-15 сәуірде Satbayev University-де өткен ТМД сәулет мектептерінің халықаралық форумының қорытындысы мен материалдарына арналған «ҚР Сәулет білімінің даму келешегі» атты баяндама жасады. Симпозиум қатысушылары қол қойылған «Сәулет білімі мен тәжірибесін реформалау жолдары» атты форум декларациясы мен бірінші халықаралық сәулет білімінің зерттеу зертханасы туралы ұсынысты қолдады. Симпозиум ТМД сәулет мектептерінің халықаралық форумының жалғасы болды. Форум нәтижелерін талқылаудан бөлек ғылыми-практикалық конференция, студенттер жұмыстарын байқау-конкурсы, лекция, тренинг, шеберлік-сабақтары мен семинарлар өтті. Қазақстаннан ҚазБСҚА мұғалімдері: «Сәулеттік жобалау негіздері» кафедрасының меңгерушісі мен ұстаздары Э.Т. Данибекова, Ю.В. Онищенко және Р.Б. Дәуренбекова қатысты. ҚазБСҚА мұғалімдерінің симпозиумға қатысуы инновациялық тәсілдер мен технологияларды дамыту бойынша перспективалық ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу және оларды сәулет, қала құрылысы мен дизайн саласындағы білім және кәсіби қызметте енгізудегі өңіраралық білім және тәжірибе алмасуға септігін тигізеді.

KAZGOR-ДАҒЫ СТУДЕНТТЕР ТӘЖІРИБЕСІ АЯҚТАЛДЫ

2023 жылдың 27 мамырынан 23 маусымына дейін үш университеттен ҚазБСҚА, Satbaev University және Каспий университеті 12 студент KAZGOR жобалау академиясында тәжірибеден өтті. Тәжірибе барысында студенттер компания туралы, BIM-ді қолдана отырып заманауи жобалау процессі, сәулетшілердің жұмысы, жобаларды орындау кезінде жапсарлас мамандармен өзара әрекеттесу жөнінде көп пайдалы ақпарат алды. Тәжірибе аясында студенттер сәулетші Сәкен Нарынов, «АРХИФОРМА» және «Saint-Gobain» компанияларына, Қазақстандағы бірінші инновациялық мектеп High Tech Academy-ге барып қайтты және өздерінің портфолиосына бірнеше жоба жасады. Тәжірибе кезінде студенттер интерьер дизайнын жасады, Revit жұмыс жоспарын жасап, сызбалар альбомын, сипаттағандарды жасауды үйренді, және көптеген басқа шығармашылық тапсырмаларды орындады. Практиканттар тәжірибені ұйымдастыру сапасын жоғары бағалап, оң пікірлерін білдірді.